**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**Сот сараптамасының құқықтық, ұйымдастырушылық негіздері**

**пәні**

**бойынша өзіндік жұмыстарын жүргізуге**

**арналған**

# ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

**(заң факультеті бөлімінің 7М04225- сот филологиялық сараптама, 7М04224 сот сараптама мамандығы магистранттары үшін).**

**АЛМАТЫ 2021 ж.**

## 1. Магистранттардың өзіндік жұмысы
## 1.1. Жұмыс түрлері. Олардың жалпы сипаттамасы. Жазуға қойылатын талаптар

### 1. Өзіндік жұмысты жазудың мақсаттары

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен **магистранттардың** танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсуіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шеңберінде МӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі **магистранттардың** өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті хұзыреттерге ие болуы қажет.

МӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабақ барысында алған білімді бекіту, тереңдету, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу матеиалын дербес түрде меңгеру; кәсіби машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заңи әдебиетке, тәжірибелік заңи қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

МӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуды білдіретін, **магистранттардың** оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары ( оқу-зерттеу жұмыстары - МОЗЖ және және ғылыми-зерттеу жұмыстары - МҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу.

**Үй жұмысы тәжірибелік және семинар сабақтарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді. Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машығын дамыту, жұмыстың әдістері мен құралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы** аудиториялық сабақтарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жаңа материалды меңгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі; оқытушы арқылы есептің нысаны, тапсыру мерзімдері; кеңес беру түрлерін анықтау; бағалау критерилері оценки, бақылаудың түрлері және нысандары.

**Магистранттардың** өзіндік оқу жұмыстарының мазмұнын құрайды: оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді оқу және конспектілеу; курстың нақты тараулары, бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтарда талқылаумен ұштастыра отырып есептер шешу; семинарда немесе ғылыми үйірменің отырысында талқылай отырып, сот істеріне шолу жасау; оқытушының тапсырмасы бойынша сот мәжілістеріне қатысу, әртүрлі ұйымдардың заң бөлімдеріне, нотариалдық кеңселердің жұмыстарымен танысу; үй тапсырмас түрінде заң жобаларына пікірлер дайындау; тәжірибелік сабақтармен ұштастыра отырып, зерттелінетін тақырып аясында құқықтық құжаттардың жобасын дайындау.

Рефераттарды дайындау – МӨЖ ұйымдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат (лат. referre – баяндау, хабарлау) – бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болмасын проблеманың жай-күйін ашу. Оқу үдерісіндегі мазмұны және қызметіне байланысты рефераттар ғылыми-проблемалық және шолу-ақпараттық болып бөлінеді.

Рефератты жазу мақсаты – **магистранттар** әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машыты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот-тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру. **Магистранттар** оларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болмасын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша диссертация жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болып қарастырылуы мүмкін. Реферат көлемі 15-20 б. ретінде бола алады. Рефераттың әдеттегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

## 2. Жұмысқа қойылатын жалпы талаптар

**магистранттар** өзіндік жұмыстың тақырыбын таңдауда келесідей ережелер ескерілуі тиіс:
-жұмыс нақты **магистранттын** қабілетіне, мүддесіне, еркіне жауап беруі тиіс,
-жұмыс сот сараптама мамндығына пайдалы болуы керек (нақтырақ айтқанда тақырып ғылымның қазіргі жағдайын ескере отырып, мақала ретінде шығару үшін жарауы тиіс). Айтылғандар ғылымның алдыға қарай жылжуына байланысты **магистрантын** талаптарына жауап бере алатындай қайталанбауы қажет.Одан кейінгі тағы бір мүмкіндік көшіруге жол бермеу мақсатында өзіндік жұмыстардың нақты тақырыптары берлімейді.

## 3. Өзіндік жұмыстардың негізгі бағыттары

### 3.1. Рефераттар (баяндамалар)

Негізгі оқу курсы бойынша сындарлы шолу (салыстырмалы талдау) жасалынатын және уақыттың тарлығына байланысты негізгі бағдарламамен қамтылмай қалған криминология проблемаларына байланысты тақырыптар беріледі. Нақтырақ айтқанда, негізгі курсқа байланысты оларды үш топқа бөлуге болады: а)негізгі курста қысқаша қамтылған тақырыпты тереңірек ашу мақсатында; б) міндетті курста мүлдем қамтылмаған тақырыптар; в) **магистранттардың** өзіндік жұмысына қатысты емес міндетті курста қарастырылатын тақырыптар.

### 3.2. Өзіндік жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс компьютерде терілуі қажет. Мәтінде курсы, пәні, автордың ТЕӘ, жұмыстың атауы көрсетілуі тиіс. Егер жұмыс аударма болса сол материалдың библиографиялық нақты мәліметтері берілуі қажет. Сонымен қатар аудармаға кәсіби терминдердің сөздігі қоса берілуі тиіс.егер де жұмыс аударма болмаса оның мазмұны беріледі. Жұмыстың соңғы бетінде міндетті түрде падаланылған әдебиеттердің нөмірленген тізімі міндетті түрде көрсетіледі. Мәтінде осы тізімдегі жұмыстың нөмірлері міндетті түрде тікелей жақшамен тиісті жерлері көрсетіліп тұруы тиіс.

### 3.3. Өзіндік жұмыстарға дайындық және оны жазу

Тақырыпты таңдау. Жоғарыда айтылған бағыттар бойынша тақырыпты алдын ала таңдауды **магистрант** өзі жүзеге асырады. Тақырыпты нақтылау, оқытушымен кеңесу арқылы жүргізіледі және жоспар жасалып, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі нақтылана

түседі. Туындаған кез келген сұрақтарға байланысты студент оқытушыдан жауап ала алады. Қажетті жағдайларда консультациялар тағайындалады. Сессияға екі апта қалғанға дейін жұмыс оқытушыға тапсырылады. Өзіндік жұмысты қорғауға сессия кезінде рұқсат беріледі.

### 3.4. Өзіндік жұмысты бағалау критерилері

Оқытушы әр **магистрантпен** жұмысты қабылдауда ауызша сұрақтар қояды. **Магистрант** жұмыстың мәтініне байланысты оқытушының қойған сауалына жауап беруі тиіс.Жауап беру барысында мәтіндегі бейнеленген материалды игергендігін ( өзі жазғандығын, аударғандығын, көшіріп алғандығын) көрсетуі қажет.Жұмысты бағалауда мәтіннің жазбаша нұсқасын және студенттің өзіндік жұмысты жазудағы жаңашылдығын және түпнұсқалығын,берілген қорытындылар және нұсқаулардың негізділігін ескеруі тиіс.

**Тақырыптардың атауы және МӨЖ тапсырмаларының мазмұны**

**қарастырылатын сұрақтар тапсыру мерзімі бақылау нысаны және баллдар**

**№ 1 МОӨЖ. ҚІЖК, АІЖК, ӘҚбК сот-сараптаманың процессуальдық негіздемесі**

МӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Қылмыстық іс жүргізу кодексінде сот сараптамаға арналған құқықтық нормалары (Қылмыстық іс жүргізу кодексінде сот сараптамаға арналған құқықтық нормалары Әдебиеті: Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жобасы туралы / ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ ЖАЛПЫ БӨЛІМ 1-бөлім, 35 -тарау, 270 - 287 баптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001011
2. Азаматтық іс жүргізу кодексінде сот сараптамаға арналған құқықтық нормалары // Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі

Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. 1-бөлім, 7-тарау, 82 – 94 баптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377/k377_1.htm

3. Әкімшілік құқық бузушылық істер туралы кодексінде сот сараптамаға арналған құқықтық нормалары // Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ, 4-БӨЛІМ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ, 38-тарау. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, 755 -756 баптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235_.htm

Тапсыру мерзімі: 2-3 апта

Бақылау нысаны және баллдар: жазбаша - 20 балл. Реферат нысанында

**№ 2 МОӨЖ Сот-сараптама қызметінің міндеті, мазмұны, ғылыми негізділігі**

МӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Сот-сараптамалық зерттеулердің жан-жақтылығы, толықтығы, объективтілігі және ғылыми негізділігі
2. Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен әдістемелерді пайдалану
3. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау

Тапсыру мерзімі: 5 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша , реферат нысанында

**№ 3 МОӨЖ. Сот сарапшыларын аттестаттау. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны берудің, қайта ресімдеудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары**

МӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Сот сарапшысына қойылатын біліктілік талаптары
2. Сот сарапшысы біліктілігін беру
3. Сот сарапшысын аттестаттаудың тәртібі
4. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны берудің, қайта ресімдеудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары

Тапсыру мерзімі: 6-7 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша, Жеке жоба нысанында

**№ 4 МОӨЖ. Палата жалпы жиналысының құзыреті**

МӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Палатаның міндеті, мақсаты

2. Палатаның жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
3. Палатаның төрағасын, басқарма және ревизиялық комиссия мүшелерін сайлау;
4. Палатаның төрағасын, басқарма және ревизиялық комиссия мүшелерін мерзімінен бұрын кері шақырту;
5. Палата қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;
6. Палатаның бюджетін бекіту.

Тапсыру мерзімі: 10 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша, реферат нысанында

**№ 5 МОӨЖ. Сот сараптамаларын жіктеу**

МӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Сараптамаларды ғылыми мақсаттарға байланысты бөлу: (топтары, тектері, түрлері және түр тармақтары)
2. Сараптамаларды практикалық мақсаттарға байланысты бөлу: (топтары, тектері, түрлері және түр тармақтары)

Тапсыру мерзімі: 12 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша

**№ 6 МОӨЖ Сот сараптамасын жүргізу кезіндегі іске қатысушылардың процессуалдық құқықтары**

МӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Адамды сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастырудың негіздері мен тәртібі
2. Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі
3. Күзетпен ұсталмаған адамдарға сот сараптамасын психиатриялық стационарларда жүргізу шарттары

Тапсыру мерзімі: 13 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша, реферат нысанында

**7 МОӨЖ. Сот-сараптама қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

МӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Шет мемлекеттің құзыретті органының тапсыруы бойынша сот сараптамасын жүргізу
2. Сот сараптамасын шет мемлекеттің сот сарапшыларын тарта отырып жүргізу

Тапсыру мерзімі: 15 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша

**Ұсынылатың әдебиеттер тізімі**


1. Конституция Республики Казахстан 1995 года (с послед. изм. и доп.).
2. ЗаконРеспублики Казахстан О судебно-экспертной деятельности (сизменениями от 18.04.2017 г.)
3. Уголовный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.)
4. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстанот 4 июля 2014 года № 231-V ЗРК
5. Г ражданско-поцессуальный Республики Казахстан(с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.12.2017 г.)
6. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях (с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.07.2018 г.)
7. Правила организации и производства судебных экспертиз и исследований в органах судебной экспертизы, утвержденных 14 апреля 2017г.
8. Государственный Реестр методик судебно-экспертных исследований Республики Казахстан
9. Перечень видов судебных экспертиз, проводимых органами судебной экспертизы, и экспертных специальностей, квалификация по которым присваивается Министерством юстиции Республики Казахстан, утвержденной приказом Министра юстиции РК от 2017года
10. Постановление Правительства Республики Казахстан от 16 ноября 2012 года № 1454 «Квалификационные требования для осуществления судебно-экспертной деятельности в РК»
11. Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 30.03.2017 г. № 335 «Об утверждении Правил приема экзаменов для присвоения квалификации судебного эксперта».
12. Правила аттестации судебных экспертов. Приказ министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года № 336
13. Правила формирования, ведения и использования Государственного реестра методик судебно-экспертных исследований Республики Казахстан Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года № 331
14. Правила определения категорий сложности судебных экспертиз, порядка исчисления сроков производства судебных экспертиз в зависимости от категории их сложности, а также оснований и порядка приостановления и продления срока производства судебных экспертиз Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 27 марта 2017 года № 303
15. Правила разработки, апробирования и внедрения методик судебно-экспертных исследований». Приказ министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года № 330
16. Стандарты и требования к специально оснащенным помещениям для производства судебной экспертиз приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 28 марта 2017 года № 310
17. Правила валидации методов и методик судебно-экспертных исследований юстиции Приказ министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года № 328
18. Правила обращения с объектами вещественными доказательствами Приказ министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года
19. Государственный Реестр судебных экспертов Республики Казахстан


Әдебиеттер:

1. Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в уголовном, гражданском и арбитражном процессе: Практ. пособие. – М., 1996, 2016 - 363 с.
2. Сахнова Т.В. Судебная экспертиза. – М., 1999 – 262 с.
3. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: проблемы теории и практики.- Алматы: Аркаим, 2018.-187с.
4. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза:в схемах.- Алматы: и производство. Учебно-методическое пособие: Алматы: изд-во КазНУ им аль-Фараби», 2020.-387с.
5. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства суд.экспертиз. Алматы: Жетіжарғы 1999 -197с.
6. Бычкова С.Ф., Калимова А.С. // Судебная экспертология. Курс лекций: учебное пособие. Алматы, 2005.-376с.
7. Шакиров К.Н., Тапалова Р.Б. Судебная экспертиза в Республике Казахстан: организация и производство. Учебно-методическое пособие: Алматы: изд-во КазНУ им аль-Фараби», 2021 г. – 230 с.
8. Тапалова Р.Б. Судебная экспертиза. Учебное пособие: Алматы: изд-во КазНУ им аль-Фараби», 2014 г. – 148 с.
9. Назначение и производство судебных экспертиз./ДСП/ М.1977- 320 с.

**Интернет источники:**

1. Официальный сайт Верховного Суда РК http://www. supcourt.kz/
2. Официальный сайт Генеральной прокуратуры РК: http://www. procuror.kz
3. Официальный сайт Министерства юстиции РК http://www. minjust.kz/sit
4. www.expert.ru;
5. www.expert.com.ua;

1. www.forensic.ru/sude.expert.html